

Фитокалм В6

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

MTK №: KZ.16.01.98.003.E.000255.03.21

СОСТАВ: в 1 капсуле содержится:		% от АУП*
Магний (оксид магния)	100 мг	25
Экстракт плодов боярышника (<i>Crataegus pinnatifida</i>)	100 мг	
Сухой экстракт чеснока (<i>Allium Sativum</i>)	100 мг	
Сухой экстракт корней валерианы (<i>Valeriana officinalis</i>)	50 мг	
Сухой экстракт пустырника (<i>Leonurus cardiaca</i>)	50 мг	
Витамин В6	1,4 мг	70
Фолиевая кислота	200 мкг	50
Витамин В12	2,5 мкг	83
вспомогательные вещества: кукурузный крахмал, целлюлоза, диоксид кремния; состав оболочки: желатин, красители: железа оксид красный (Е172), титана диоксид (Е171).		

*БСЭГТ-1 бөлімге сәйкес, 5 қосымша - тұтынудың баламалы деңгейінен аспайды

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ:

стрессі, шиеленісуді, шаршау мен мазасыздықты жеңілдету үшін тағамға ББҚ ретінде қолданылады.

Фитокалм В6-бұл кең композицияның, Қос өрекеттің және мұқият таңдалған белсенді заттардың үйлесімі. Ауыр жұмыспен айналысатын егде жастағы адамдарға да, орта жастағы адамдарға да арналған. Құрамындағы заттар жүректің белсенділігін сақтауға көмектеседі және ширығуды, стрессті және мазасыздықты азайтуға көмектеседі. Препараттың бірегей құрамы заманауи ғылыми зерттеулер мен уақыт сынынан өткен дәстүрлі медицина дәстүрлері негізінде жасалды.

Фитокалм В6 құрамдас бөліктері адам ағзасына қалай әсер етеді?

Қытай допанысы: жүрек пен жүрек-тамыр жүйесінің қалыпты жұмысын қолдауға көмектеседі, сондай-ақ шеткері қан айналымын тұрақтандырады, бұл ширығу мен ашушандықтың төмендеуіне ықпал етеді.

Қаралайым сарымсақ: жүрек қызметін, қандағы холестерин, гомоцистеин және глюкоза мөлшерін тұрақтандырады. Гомоцистеин концентрациясының артуы атеросклероз дамуының жоғары қаупімен байланысты. Сарымсақ экстрактісі ұсақ қан тамырларында қан айналымын демеуге көмектеседі, сондай-ақ стресске төзімділікті арттыруға көмектеседі, иммундық жүйенің қызметін қолдайды.

Дерілік валериана: жүрек пен жүрек-қантамыр жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне ықпал етеді, сондай-ақ артериялық қысымның қалпына келуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, ол ширығу мен стрессті азайтуға көмектеседі, соның арқасында жақсы ұйықтауға және жақсы физикалық және психикалық жай-күйге қол жеткізуге ықпал етеді.

Арыстанқұйрық: жүрек-қантамыр жүйесінің жақсы жұмыс істеуіне көмектеседі және жүрек жұмысын жақсартады. Сондай-ақ, жоғары физикалық және эмоциялық қозуды, ашушандықты азайтуға көмектеседі.

Құрамында магний, фолий қышқылы, В6 және В12 дәрумендері шаршауды азайту үшін және қалыпты психологиялық қызметін қолдауға көмектеседі. В тобының дәрумендері гомоцистеин метаболизмін қалыпты жылдамдығын сақтау үшін өте маңызды. Тіпті фолий қышқылының, В6 және В12 дәрумендерінің аздаған тапшылығы қандағы гомоцистеин концентрациясын арттыруы мүмкін, бұл жүрек аурулары қаупімен тікелей байланысты.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

күніне 1 капсуладан стакан сумен ішіңіз.

1 капсулаға ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Ақуыздар - 0,03 г

Майлар - 0,01 г

Көмірсулар - 0,42 г

Энергетикалық құндылығы 1,9 ккал / 7,9 кДж

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:

- ББҚ компоненттерін жекелей көтере алмаушылық;
- 18 жасқа дейін

АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР:

Ұсынылатын тәуліктік мөлшерінен асыруға және ББҚ алуан түрлі үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолдануға болмайды.

БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:

Деріханалар жүйесі, арнаулы дүкендерде және сауда нүктелерінің бөлімдері арқылы.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Құрғақ жарықтан қорғалған жерде, 25°C- ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ:

15 немесе 30 капсуладан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапта.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 36 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші:

UAB «Aconitum»,
Inovaciju str.4, LT-54669,
Каунас ауданы, Литва

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (МТК) ұстаушысы:

VEGAPHARM LLP,
Unit 18, 53 Norman Road,
Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF,
Лондон, Ұлыбритания

Тұтынушылардан шағымды қабылдауға уәкілетті ұйым:

«Cepheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС,
050000, ҚР, Алматы қ, Панфилов к-сі 98, «OLD SQUARE» БО,
төл: +7 (727) 300 6971,
e-mail: cepheusmedical@gmail.com